

Биология сабақтарында эстетикалық тәрбие берудің маңыздылығы

Дайындаған: Байзақ Анель
Ғылыми жетекші: Исаев Ғани

Зерттеу мақсатым

- Биологияны оқу- биосфераны қорғау адамзаттың тіршілік етуі ғана емес, бүкіл тіршіліктің дамуы және сақталуы үшін аса қажет жағдай екенін эстетикалық тәрбие арқылы сезіндіру
- Өсіп келе жатқан ұрпаққа тіршілікті, өмірді аса үлкен зор құндылық деп түсінуді қалыптастыру
- Биосфера көрінісін эстетикалық тәрбиемен қабылдап, әлемнің кереметін, сұлулуғын, саналуандығын түйсініп, оқушыларды қоршаған ортаны қорғауға баулу.

Адам өмірінде эстетикалық көз- қарас әрдайым қуатты рухани күш ретінде көрінеді. Балаға балғын, бөбектік кезеңнен бастап әсемдікке ұмтылу тән нәрсе. Ол әрдайым бойларында әсемдік құндылық-тары бар қатар – құрбыларына, ересектерге еліктейді. Балалардың өз еңбек іс әрекеті тиімді және сапалы болуы үшін оның ұйымдастырылуы толысып, тамаша нәрсені қабылдау деңгейіне жеткені жөн. Балаға сонымен қатар жасампаздықтың да әсемдігі ашылады. Эстетикалық көзқарасты тәрбиелеудің негізгі құралы-өнер. Ол шындықты көркем, сезімді қабылданылатын бейнелер арқылы бере отырып және осылар арқылы адам сезімі мен санасына әсер етіп оның көзқарасын қалыптастыруға жәрдем етеді.




Жалпы сипаты

Эстетикалық тәрбие – жаратылыс дүниесіндегі немесе өнер туындысындағы сұлулық пен әсемдікті қабылдап, ғибраттануға баулитын, адамның эстетикалық сезімін, талғамын қалыптастыратын тәрбие.

Эстетикалық тәрбие мектеп жасына дейінгі кезеңнен басталады. Эстетикалық тәрбие арқылы бала қоршаған ортадағы әсемдікті, үйлесімділікті көре білуге, алған әсерін шығармашылық жұмысында көрсетуге, бейнелей білуге үйренеді. Мектепте эстетикалық тәрбие барлық оқу-тәрбие процесінде жүзеге асырылады. Баланы тәрбиелеуде биология, география, бейнелеу өнері сабақтарының, сыныптан, мектептен тыс жұмыстардың маңызы зор. Эстетикалық тәрбие ақыл-ой, адамгершілік, дене тәрбиелерімен тығыз байланысты.

Мәдениет жүйесіндегі ғылым нобайын жүзеге асыруда бірден-бір сәйкес келетін оқу пәні-биология. Биология жаратылстану ғылымдарымен қоғамдық ғылымдар ортасында аралық жағдайда тұрып, екеуімен де әсерге түсіп этикалық және эстетикалық қалыппен ережелердің және арман мұраттардың, қоршаған ортаны қорғау, денсаулық мәселелерінің үлкен қысымын бастан кешіруде.

Өсіп келе жатқан жас жеткіншектерде адамгершілік көзқарастар дамыту өзінің ішкі дүниесін сезіну сонымен қатар адам құндылығындағы биологиялық табиғатының бірлігін сезіну маңызды болып табылады. Бұл тұлғаның мәдениетіне және руханилығына тікелей қатысты. Мектепте білім беру қазіргі қоғамның жағдайына байланысты өмір мен адамды жан- жақты дамыған тұлға тәрбиелеуге бағытталған. Осы биологияны оқыту үрдісінде басқа да пәндердегідей адамгершілік, еңбек дене, гигиеналық, этикалық, патриоттық тәрбие өз мәнінде заман талабына сай берілуі тиіс. Қазіргі таңда адамның тұлға ретінде дамуына дүниетанымын тәрбиелеуге,менталитетке, өнегелікке, эстетикалық талғамға, табиғатты құнтты қарауға және мәдениетке айтарлықтай көңіл бөлінуде. Тірі табиғатты оқып үйрену жалпы педагогикалық негізгі құрам бөлігі ретінде қарастырылып оқушыларға эстетикалық тәрбие беру жолдарын шешуге мүмкіндік береді.



Биология пәнінің ерекшелігіне байланысты биология кабинеті де соған сай болуы тиіс. Пән ұстазы үшін кабинет, өзінің бар жинақталған, байлығымен тек қана сабақ өткізуге арналған және тек қана жұмыс орны емес. Бұл ерекше орын онда әртүрлі өсімдіктерді және жануарларды кездестіретін өз алдына табиғаттың бір бөлшегі. Осы жерде тек күнделікті сабақтар ғана өтіп қоймайды, онда зертханалық және сарамандық сабақтар, тәжірибелер көрсету, тірі табиғат нысандарын бақылау, сыныптан тыс шаралар жүргізіледі.

Биология кабинетінің оқыту құралдары мен жабдықталуы ұстаз бен оқушының біріккен әрекетінің қаншалықты жетістікті болатынын айқындайды. Көпшілік жағдайда нені оқыту және қалай оқыту керек екенін біле тұра, егер қолында қажетті құрал-жабдық болмаса мұғалім жалаң қолмен өз қызметін толық мәнді етіп жоғары тиімділікке жүзеге асыра алмайды.



Биология кабинеті

Оқу - тәрбиелік

Ғылыми - әдістемелік

**Оқу құралдарын
орналастыру орны**

Кабинет ұйымдастырғанда басты назарда болатын мәселе мектеп биологиясының барлық бөлімі арқылы өтетін үш негізгі идея:

СИСТЕМАТИКА

ЭКОЛОГИЯ

ЭВОЛЮЦИЯ



Систематика- көпшілік биологиялық ғылымның негізі және биологияның барлық бөлімдерінің алған деректеріне сүйенеді. Сонымен систематиканың маңызы ол- барлық қазіргі бар және қазбадан табылған ағзалардың көптүрлілігін түсініп бағдарлап зерттеуге мүмкіндік береді.



Экология және табиғатты қорғау - эволюциялық іліммен біртұтас. Оқушылар санасында қазіргі кезде эволюциялық ұғыммен экологиялық ұғым өз алдына бір біріне қатыссыз қалыптасқан өткені сабақтарда осы екі ұғымның өзара байланысына көңіл аударылмайды. Эволюциялық дамудағы ағзаның алған экологиялық орны осы қазіргі мекені екенін, биосфераның тіршілік ету принципінде заттардың бір-біріне әсер ету жолы, байланысы бар екенін санасына жеткізу керек.



Эстетикалық, әсемдік тәрбие еңбек әсемдігін қабылдауды үйретіп, қоғамдық іс-әрекет әсемдігіне сезімталдығын тәрбиелеп, мұғалім балалардың еңбек белсенділігін кеңейтуге ден береді.



Тірі өсімдіктерсіз биология кабинеті болмайды. Өсімдіктер негізінен бағдарламада қаралған тақырыптар, тұқымдастар қамтыса сабақтарда пайдалануға аса тиімді және танымдық жағынан пайдалы.

Гербариилар жергілікті жер өсімдіктерінен танымжорықтар кезінде жиналса құнды болады. Кез-келген тапсырманы орындауға, безендіруде мысалы гербарийлер дайындау, оқу-тәжірбие алаңында тәжірбик қою, ағаш егу ұстаздың үнемі көңіл бөліп талап етуі оқушылардың эстетикалық дамуыны себебін тигізеді. Өз қолдарымен жасаған әдемі, әсемдік заттан рахат табу оқушыларда әдемілікті бағалау қажеттілігін нығайтады, мәдениетсіздікке қарсы тұруға тәрбиелейді.



Биология сабақтарында эстетикалық тәрбиенің маңыздығы неде?

- ✓ Жеке адамның эстетикалық мәдениетін дамыту
- ✓ Биология сабағында оқушылардың қабілетін, ынтасын және бейімділігін дамыту
- ✓ Танымжорықтар арқылы баланың сезімдері мен талғамдарын дамытып , сұлулық туралы ұғымдарын қалыптастыру
- ✓ Эстетикалық құралдарды пайдалануға дағдыландыру
- ✓ Әсемдікке үлесін қосуға тәрбиелеу

Қорытынды

- ✓ Эстетиканы қайдан және неден бастамақпыз?
Өзімізден бастайық! Әлемнің сұлулығын өзіңіз байқап көріңіз. Ғылыми прогреске толы заманда стресстен, жүйкенің жұқаруынан жұмысбастылықтан тіпті балалық шағыңыздың қалай өткенін байқамай қалдыңызба, бір сәтке демалғыңыз келеме? Баламен әсемдікке толы әлемнің қызығына бірге қарауға тырысыңыз. Әр бір сәтті бағалаңыз, дүниенің сұлулығы мен ұлылығын, ондағы әр бояу мен дыбысқа таңғалысыңызды жасырмаңыз! Әлемге баламен бірге ғашық болыңыз, дүниеге баланың көзқарасымен қараңыз. Ләззат алыңыз! Әсемдікті сезініңіз!
- ✓ Заман талабына сай өскелең ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беруде ұстаздың рөлі, педагогикалық шеберлігі маңызды. Сондықтан да биология сабақтарында оқушыларға эстетикалық тәрбиені терең түсіндіріп, әлемнің әсемдігін сезіндіруге үлес қосайық!